

2022 жылдың қараша айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидай өсірілетін аудандарда қарашаның бірінші онкүндігінде нормадан жоғары жауын-шашын егіс жұмыстарының аяқталуына біршама кедергі келтірді. Түнгі уақытта ауа температурасының минус 1...9°С-қа дейін төмендеуі Алматы облысы Сарқан станциясының маңындағы кейбір егістіктерде күздік бидай вегетациясының тоқтауына себеп болды. Жауын-шашын топырақтың ылғалдылығын толықтыруға қолайлы болды.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидай егілген учаскелерде «дәннің өнуі» - «көктеу» кезендері байқалған, Жамбыл облысының Қордай агропостының айналасында «3-ші жапырақ» кезеңі байқалды.

Егіннің жағдайы барлық жерде жақсы және қанағаттанарлық.

Оңтүстік аймақтардың кейбір жерлерде жоңышқа шөптерінің 2-ші және 3-ші шабылуы жалғасуда, шөптердің жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық.

Жайылымдық мал шаруашылығы аумағында қарашаның бірінші онкүндігінде ауа-райы жауын-шашынды болды, қар жамылғысы (тұрақсыз) елдің солтүстігі мен орталығында ғана байқалады. Шөптің жай-күйі негізінен жақсы және қанағаттанарлық, шөптің нашар күйі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы жайылымдарда байқалады.

Мал жаю барлық жерде жүргізілді, шөпті жинау және мал қыстайтын жерлерге жем-шөп тасымалдау жалғасуда. Жайылымдар әлсіз және орташа мөлшерде тапталған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Шымның күйі негізінен дымқыл, кей жерлерде құрғақ.